

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 20 қыркүйектегі N 929 қаулысына толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 18 тамыздағы N 785 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің кейбір республикалық мемлекеттік кәсіпорындарын қайта ұйымдастыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 20 қыркүйектегі N 929 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2005 ж., N 35, 484-құжат) мынадай толықтырулар енгізілсін:

1-тармақ "Қазақ мемлекеттік ғылыми-техникалық ақпарат ғылыми зерттеу институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны" деген сөздерден кейін "және оның еншілес мемлекеттік кәсіпорындары" деген сөздермен толықтырылсын:

мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

"1-1. Кәсіпорынға осы қаулыға қосымшаға сәйкес еншілес мемлекеттік кәсіпорындар құруға рұқсат берілсін."; осы қаулыға қосымшаға сәйкес қосымшамен толықтырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2006 жылғы 18 тамыздағы

N 785 қаулысына

қосымша

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2005 жылғы 20 қыркүйектегі

N 929 қаулысына

қосымша

**Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің "Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылыми-техникалық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны құратын еншілес мемлекеттік кәсіпорындардың тізбесі**

1. "Ақмола ғылыми-техникалық ақпарат орталығы" еншілес мемлекеттік кәсіпорны Астана қаласы
2. "Республикалық ғылыми-техникалық кітапхана" еншілес мемлекеттік кәсіпорны Алматы қаласы және оның филиалдары

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ